

Өтетін уақыты: 22 сәуір, сағ 11-00.

Іс-шараның мақсаты: Қазақстан халықтарының татулығы мен бірлігі және этномәдениетке шақыру, көпшілік алдында сөз сөйлеуге баулу.

Бірлігі мықты ел озады. Ел егемендік алғалы 140 этнос пен 17 конфессияның өкілдері тұрақтылық пен бірлікті сақтап, тату-тәтті өмір сүріп келеміз. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен 2015 жыл "Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы" деп белгіленді. Қазақстан – тарихи тағдыры ортақ этностардан құралған унитарлы мемлекет. Мемлекеттің басты міндеті – этносаралық тозымдылық пен қоғамдық келісім негізінде қоғамды ұйыстыру болса, ел дамуының жана кезеңінде, стратегиялық басымдық ретінде, қоғамның барлық азаматтары мойындаған ортақ құндылықтар мен қағидаттар жүйесіне негізделген Ұлт бірлігіне жету болып табылады.

Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы қарсаңында облыстық арнайы қозғалыс қорғайтын және әлсіз қорғайтын азаматтарға арналған кітапханада «Гунча» өзбек халық ансамблінің қатысуымен «Бірлігіміз берік, татулығымыз тұрақты» атты мерекелік іс-шара болып өтті. Келген қонақтарды кітапхана директорының орынбасары Л.Темірбаева таныстырып өтті. Оқырмандар өзбек халық ансамблінің жылы көңіл-күймен қарсы алды. Ансамбльдің қорғайтын жетекшісі Мирхашимов Мирабдумажит Мирқадірұлы оқырмандарға өзінің ыстық лебізін жеткізді. Алғашқы ән шашуларын әр ұлттың танымал әндерінен пұрри орындады. Әр ұлттың әндері өзбек халық аспаптарының сүйемелдеуімен қорғайтындерге ерекше нәр беріп, тыңдармандарды керемет әсерге бөледі. Ансамбльдің қорғайтын жетекшісі Мирабдумажит Мирқадірұлы оқырмандарды өзбек халық аспаптарымен таныстырып, әр аспаптың шығу тарихы мен орындалуына жеке-жеке тоқталып өтті. Өзбек халқының түрлі танымал әзіл және халық әндері өз накышында орындалды. «Гунча» ансамбль атауының өзі аударғанда «қауыз жармаған күл» дегенді білдіреді екен. Оқырмандар қотерінкі көңіл-күймен ән айтып, би-билеп бір сергіп қалды. Өз тарапынан кітапхана оқырмандары ансамбль мүшелеріне алғыстарын жаудырып, ұзақ күмір және шығармашылық табыс тіледі. Кітапхана әкімшілігі тарапынан «Гунча» ансамбль жетекшісіне алғыс хат пен арнайы сыйлықтар табыс өтілді.

Авторлар: спецбіб
24.04.2015 09:16 -

